

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 10:00

Сенат залы

25 желтоқсан 2025 жыл

Жұма

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің басшысы, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

4.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева*).

4.1.2 «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD Сейтов Бекболат Жумановичтің 10200 – Физикалық ғылымдар ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD Сейтов Бекболат Жумановичтің 10200 – Физикалық ғылымдар ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева Б. Сейтовтың 10200 – Физикалық ғылымдар ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: Сейтов Бекболат Жуманович университетте 2018 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 17 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 17 жыл. 2016 жылы «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша PhD (9 жыл) ғылыми дәрежесін алған, 2020 жылдан бастап, қазірге дейін «Физика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда.

Б. Сейтов соңғы 5 жылда – 30-дан аса ғылыми еңбектер жариялаған, оның ішінде 1 монографиясы, 7 Scopus (Скопус) және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар, сонымен қатар 6 Комитет тізбесіне енгізілген басылымдарда, алыс және жақын шетел конференцияларда 3 мақаласы.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Р. Нұрділлаева сөз алып, «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD Сейтов Бекболат Жумановичтің 10200 – Физикалық ғылымдар ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

- Б. Сейтов осы университетте 2008-2012жж аралығында «Физика» кафедрасының оқытушысы қызметін атқарған. 2012-2015жж Алматы қаласындағы ҚБТУ-де докторантурада оқып, 2016 жылы PhD ғылыми дәрежесін алған. 2018-2020жж университетімізде аға оқытушы қызметін атқарып, 2020 жылдан бастап қазірге дейін «Физика» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. Университетте ғалым-педагог ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады. Студенттік ғылыми-теориялық конференцияларда ғылыми жетекшілік жасап, 2019 жылы оның жетекшілігімен 6B05348-Физика ББ студенті Г. Атаханова Республикалық конкурста жүлделі 2-ші орын иеленген. Сонымен қатар, студенттік олимпиадаларға дайындаған шәкірттері жүлделі орындар иеленген. 2023 жылғы ЖОО үздік оқытушысы болып табылады. Университетте 1-граттық жоуа жетекшісі және бірнеше жобаның орындаушысы.

Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі маман, оның ісін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұранамын.

Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Сейтов Бекболат Жуманович қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

4.1.2 «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD Сейтов Бекболат Жумановичтің аттестаттау ісі 10200 – «Физикалық ғылымдар» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман Абибуллақызы*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева

